**ҚР Жоғары соты төрағасына**

**Бейсбаева Назгуль Базархановна 29.03.1972 г.р**

**Жауапкерден:**

**Адрес: 081115**
**Жамбылская область**
**Шуйский район**
**Село Жанажол**
**ул. Нусип Секулы, д.45**

**Күні: 15 қараша 2017 жыл**

Осы хатым арқылы Алматы қаласы Медеу аудандық сотының судьясы Молдабаев Дәулеттің қызметтік лауазымын өте жоғары деңгейде кәсібилік таныта отыра орындағандығын мақтан тұтатындығымды жеткіземін. ҚР сот жүйесінің дамуына қарқынды үлес қосып, сот жүйесіне деген сенімімнің жоғарылауына жағдай жасағандығы Судья Молдабаев Дәулет тарапынан, және де сот барысында мемлекеттік тілдің өте жоғары деңгейде сөйлеу алу, ойын тиянақты жеткізе білу және сот тараптарымен коммуникацияны шебер орнатытындығын көрсеткендігі- бұл судья Дәулет Молдабаевтың ерекше сипаты болып табылады, бұндай судьялар некен саяқ. Демек, судья Дәулет Молдабаев кез-келген жоғарғы құрметке лайық тұлға. Яғни, егер де Жоғары сот тарапынан судьяларды 16 желтоқсанға қатысты мақтау мадақтау шарасы болатын болса, онда міндетті түрде судья Д.Молдабаев сол тізімге ілінуі керек.

Бір жылға дейін созылған сот процесінде –өз ісіне адал және жоғары кәсіби деңгейде орындап, тараптарды бітімдестіруге қырағылық көрсетіп, істі керемет шешті. Бұндай әрекет, кез келгеннің қолынан келмейді. Әз Тәукенің заманындағы тура бидің турашылдығымен, бітімгершілік принциптерінің бүгінгі заманда көрініс тапқан судьясы – Дәулет Молдабаев. Сондықтан, судья Дәлет Молдабевтың қызметіне тек сәттілік, және бас айналдыратын бақытты биік баспалдақтар -қызметтік саласында, отбасында құт береке артып, балаларының зор денсаулығы және отбасы мен жұмыстың үйлескен балансын тілейміз. Алғысымда сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес, Алладан қайтсын осындай жақсылықтар.

P/S: Жақсылықты жасырып істеу керек, яғни жақсылық риясыз болу керек. Судья Молдабаев Д. білмейді бұл хат туралы және «Алғыс хат артықтық етпейді деген секілді» ешкім маған намек тастаған емес . Өзім алғысымды, рахметімді білдіргім келді. Осы кезге дейін Жоғары соттың, Алматы қалалық сотының біраз уақытын алдым, бәз біреулер ойлауы мүмкін-жеңіске дау дамай шығарып жетуді көздеген біреу ғой дегенде шығар, бірақ мен жан айқайымды білдірдім заңсыздықтар туралы. Бірақ, бәрі оң нәтиже берді. Егер мен артық кетсем кешірім сұраймын, біреулердің шымбайына тиер сөз жазсам немесе орынсыз артық бірнәрсе айтып қойсам.